

СТ 127

Ceresit



ІШКІ ЖҰМЫСТАРҒА АРНАЛҒАН ТЕГІСТЕГІШ

**Ішкі жұмыстарға арналған ақ мәрелік полимер-цемент тегістегіш
(қабаттың қалыңдығы 3 мм дейін)**

ҚАСИЕТТЕРІ

- негіздерге жоғары жабысқақтығы бар;
- созымды және жұмыста ыңғайлы;
- тиксотропты;
- міндетті бояуды талап етпейді;
- бояуға және тұсқағазбен желімдеуге жарамды;
- тек ішкі жұмыстар үшін жарамды;
- экологиялық тұрғыдан қауіпсіз.

ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

СТ 127 тегістегіші ғимараттар ішіндегі қабырғалар мен төбелерде бетті мәрелік тегістеуге және бетон, цемент-әк, цемент-құм және т.б. негіздерде ұсақ ақауларды толтыруға арналған.

СТ 127 ылғалды орынжайларда (душ, ванна бөлмелерінде, сауналарда және т.б.) пайдалану үшін, едендерді тегістеу және негіздерді керамикалық қаптауға дайындау үшін жарамды.

Тегістегіш ақ түсті болып шығарылады және міндетті бояуды талап етпейді. Қажет болған кезде бітеуішпен тегістелген бетті бояумен сырлауға немесе оған тұсқағаз жапсыруға болады.

Сыртқы жұмыстар және ылғалды орынжайлар үшін СТ 225 қасбеттік мәрелік бітеуішті пайдалану керек.

НЕГІЗДІ ДАЙЫНДАУ

Негіз ҚНЖЕ 3.04.01-87 талаптарына сәйкес болуға, құрғақ және жеткілікті берік болуға тиіс. Негізді шаңсыздандырып бітеуіштің жабысқақтығын төмендететін заттардан (тұз дақтарынан, майлардан, лак-бояу жабындарынан және т.б.) тазарту керек. Беттің осал, опырылатын учаскелерін және қабыршақтанған жерлерді жою қажет. Үлкен жарықтарды және тегіс емес жерлерді Ceresit жөндеу Сылағымен бітеуішті салғанға дейін кем дегенде 2 тәулік қалғанда толтыру керек.

Сіңіргіш және суға сезімтал негіздерді (ағаш-талшықты тақталарды, гипс негіздерді және т.б.) СТ 7 астарымен өңдеп алып 4-6 сағат ішінде кептіру қажет. Қатты сіңіргіш негіздерді екі мәрте астарлау керек. Жылтыр негіздерді кедір-бұдыр қылу үшін зімпара қағазымен өңдеу ұсынылады.

ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ

Тегістегішті дайындау үшін дәл өлшенген таза су көлемін алады (+15-тен +20°C дейін). Құрғақ қоспаны араластырып отырып, түйірлерсіз біртекті қоспа шығаруын көздеп, суға аздап қосады.



Араластыруды миксердің немесе айналу жылдамдығы 400-800 айн/мин кезінде тұтқыр қоспаларға арналған саптамасы бар бұрғының көмегімен жүргізеді. Сосын қоспа пісу үшін 5 минут технологиялық үзілісті ұстайды және тағы бір рет араластырады. Тегістегіш өз жұмыс қасиеттерін ашық ыдыста сақтаған кезде 3 сағат ішінде және тығыз баылған ыдыста сақтаған кезде 24 сағат ішінде сақтайды.

Материалмен жұмыс істеген кезде дәстүрлі тәсілдер мен құрал-саймандарды пайдаланады. Бір рет өтіп тегістегішті қалыңдығы ≤ 3 мм қабатпен жағуға болады.

Тегістегіштің келесі қабатын жағар алдында алдағы қабатты (толық кепкеннен кейін) ажарлау және СТ 9 астарымен өңдеу ұсынылады.

Тегістелген бетті ажарлау үшін майда зімпара қағазын немесе вольфрам торды пайдалану ұсынылады. Ажарлауға, сырлауға және тұсқағаздарды жапсыруға тегістегішті салғаннан кейін 24 сағат өткенде кірісуге болады (қалыпты жағдайлар және жақсы желдету болған кезінде).

Тегістегіштің жаңа шыққан қалдықтарын су көмегімен, кеуіп кеткендерін - тек механикалық түрде кетіруге болады.

ҰСЫНЫСТАР

Жұмыстарды құрғақ жағдайларда, ауа және негіздің температурасы +5 - +30°C болған және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80% аспаған кезде орындау керек. Техникалық сипаттамада берілген барлық сапа көрсеткіштері және ұсынымдар +20°C қоршаған орта температурасы кезінде және 60% ауаның салыстырмалы ылғалдылығы кезінде дұрыс болады. Басқа жағдайларда бітеуішті тұтыну және кебу уақыты өзгеруі мүмкін.

Тегістегішпен жұмыс істеген кезде тот баспайтын құрал-саймандарды және жабдықтарды пайдалану керек.

Henkel

Качество для Профессионалов

ЕСКЕРТУЛЕР

Осы техникалық сипаттамадан басқа желіммен жұмыс істеген кезде ҚНЖЕ 3.04.01-87 басшылыққа алу керек.
Келтірілген сипаттамалар практикалық тәжірибеге және пайдалану-техникалық сынақтарға негізделген.
Дайындаушы материалмен жұмыс істеген кезде технологияны орындамау үшін, сондай-ақ осы техникалық сипаттамада қарастырылмаған мақсаттарда және шарттармен қолданылуы үшін жауапкершілік көтермейді.
Материалдың қолдану дұрыстығына күмәндік болған кезде оны өз күшімен сынау керек немесе өндірушіден кеңес алу керек.
Осы техникалық сипаттама, сондай-ақ жазбаша расталмаған ұсынымдар, өндірушінің шартсыз жауапкершілігі үшін негіздеме болып қызмет атқармау мүмкін.
Осы техникалық сипаттама пайда болғанымен барлық алдағылары жарамсыз болып кетеді.

САҚТАУ МЕРЗІМІ

Құрғақ жағдайларда, түпқоймаларда, түпнұсқалық зақымдалмаған қаптамада сақтау мерзімі - дайындалған күнінен бастап 12 айдан ұзақ емес.

ҚАПТАМА

СТ 127 тегістеріші 25 кг қағаз қаптарда жеткізіледі.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

СТ 127 құрамы:	редиспергациялайтын полимерлік ұнтақтар мен минералдық толтырғыштар қоспасы
Түсі:	ақ
Құрғақ қоспаның үйме тығыздығы:	~ 1,0 кг/дм ³
Дайын тегістегіштің тығыздығы:	~ 1,6 кг/дм ³
Араластыратын судың мөлшері:	1 кг құрғақ қоспаға ~ 0,3 л
Тұтыну уақыты: ашық ыдыста жабық ыдыста	~ 3 сағат ~ 24 сағат
Қолдану температурасы:	+5-тен +30°C дейін
Қабат қалыңдығы:	0,3-тен 3,0 мм-ге дейін
Ажарлауға, сырлауға және тұсқағаздарды жапсыруғ дайындығы:	24 сағаттан кейін
Бетонға жабысқақтығы:	≥ 0,3 МПа
Пайдалану температурасы:	0-ден +70 °C-қа дейін
СТ 27 шығыны:	Қабат қалыңдығының 1 мм-не ~ 1,2 - 1,3 кг/м ²